АЛМАТЫ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

180 ЖЫЛ

1st INTERNATIONAL CONFERENCE ON TRANSFORMATIVE HUMANITIES*

Ақпараттық хат

Құрметті әріптестер!

Алматы Менеджмент Университеті (AlmaU) 2025 жылы 19 сәуірде Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай ***ICTH 2025 – *«TOLYQ ADAM: БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ»*** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына қатысуға Қазақстан, алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарының оқытушыларын, докторанттары мен магистранттарын шақырады.

Конференцияның негізгі мақсаты – халықаралық және отандық ғалымдар арасында диалог орнату, инновациялық білім беру тәжірибелері мен трансформациялық идеяларды талқылау алаңын құру, сондай-ақ Абай Құнанбаевтың «Толық Адам» концепциясын Қазақстанның ұлттық білім беру тұжырымдамасына интеграциялау мәселелерін қарастыру.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Білімнен шығармашылыққа: XXI ғасыр тұлғасының әлеуметтік-философиялық қырлары;
2. «Қоғамға қызмет ету»: озық тәжірибелер және перспективалар;
3. Qazaq tili 2.0: цифрлік дәуір және оқытудың жаңа тәсілдері;
4. Биохакинг: адам әлеуетін ашу және тұрақты қоғам қалыптастыру;
5. Қазіргі тіл білімі: өзекті мәселелер мен даму бағыттары (ағылшын, француз, түрік, корей, қытай, т.б. тілдері).

Қатысу форматы: гибридті (офлайн, онлайн Microsoft Teams арқылы)
Өтетін күні: 2025 жыл, 19 сәуір, сағат 09:00–18:00
Өткізу орны: Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 227, AlmaU (А600 конференц-залы)
Түйіндеме жіберу мерзімі: 2025 жылдың **25 наурызына** дейін (қоса алғанда)

Тіркелу және қатысу тәртібі:

- Тіркелу**: https://forms.gle/grhmS7NXaPHzeKRZ6;**
- Түйіндемелерді **icth@almau.edu.kz** электронды мекенжайына жіберу қажет;
- Жіберілген құжаттың атауы келесі форматта болуы тиіс: *Abstract_Almatov_Almat;*
- 25 наурыздан кейін жіберілген немесе талаптарға сай келмейтін тезистер қабылданбайды;
- Түйіндемелерді қабылдау/қабылдамау туралы ақпарат 30 наурызға дейін жіберіледі;
- Материалдардың мазмұны мен дәлдігіне автор жауап береді;
- Қабылданған түйіндемелердің авторларына біліктілік арттыру сертификаты (72 сағат) беріледі;
- Барлық қатысушыларға қатысу сертификаты ұсынылады;
- Қатысу жарнасы 10000 KZT /20 USD, түйіндеме қабылданғаннан кейін жіберіледі;
- Жол жүру және қосалқы шығындар қатысушылардың өз есебінен төленеді.

Түйіндемеге қойылатын талаптар:

- Түйіндеме 300-500 сөз аралығында Microsoft Word форматында жіберілуі тиіс;
- Қаріп: Times New Roman, өлшемі 12, жоларалық аралық 1,5;
- Жұмыс соңында 5-6 кілт сөз қосу қажет.

Ұйымдастыру комитеті: 050060, Алматы қ., Розыбакиев көшесі, 227, AlmaU, School of Transformative Humanities, 316/317 каб., e-mail: **icth@almau.edu.kz**

Баяндаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндаманы автор 90 минуттық сессия аясында 15 минуттық презентация ретінде ұсынады. Барлық ұсынылған баяндамалар сараптамалық тексеруден өтеді. Баяндама ұсынысы 300-500 сөз аралығында болуы керек және келесі элементтерді қамтуы қажет:

- Зерттеудің мақсаты немесе міндеттері;
- Негізгі теориялық немесе концептуалдық негіздеме;
- Зерттеу дизайны, аналитикалық әдістер немесе зерттеу тәсілі;
- Дереккөздер немесе дәлелдер;
- Негізгі нәтижелер және/немесе қорытындылар.

Постер-презентация дайындау талаптары:

Автор 90 см ені, 120 см биіктігі бар постерді конференция алаңында ұсынады. Барлық ұсынылған материалдар сараптамалық тексеруден өтеді. Постер ұсынысы 300–500 сөз аралығында болуы керек және келесі мәліметтерді қамтуы қажет:

- Зерттеудің мақсаты немесе міндеттері;
- Негізгі теориялық немесе концептуалдық негіздеме;
- Зерттеу дизайны, аналитикалық әдістер немесе зерттеу тәсілі;
- Дереккөздер немесе дәлелдер;
- Негізгі нәтижелер және/немесе қорытындылар.

Шеберлік сыныбын өткізу талаптары:

Автор белгілі бір кәсіби мақсаттарға жетуге көмектесу үшін практикалық тренинг өткізеді. Әрбір шеберлік сыныбы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 500 сөздік сипаттама, шеберлік сыныптың мақсаты, оқыту міндеттері және жоспарланған іс-шараларына түсініктеме беруі керек;
- Автордың аты-жөні мен жұмыс орны көрсетілуі тиіс;
- Қажетті техникалық жабдықтар мен аудиторияның орналасу талаптары туралы ақпарат.